

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай индустриальды-педагогикалық колледжі» КМҚК
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт**

1. Жалпы ережелер

1. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай индустриальды-педагогикалық колледжі» КМҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі - сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес әзірленді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт білім беру саласындағы қоғамдық қатынастар үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар белгілеуге бағытталған.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу міндеттері:

1) білім беру жүйесінде қоғамдық қатынастар саласында жұмыс істейтін адамдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың теріс салдарын болғызбау.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары:

1) заңдылық;

2) транспаренттілік;

3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қақтығысына жол бермеу.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай индустриальды-педагогикалық колледжі» КМҚК-да жұмыс істейтін адамдар үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған ұсынымдарды айқындайды.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу тұрғысынан лауазымдық міндеттерді орындау бойынша тікелей іс-әрекеттер жатыр:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта қозғалатын салада, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау;

3) білім беру саласының ерекшелігіне байланысты өзге де қоғамдық маңызы бар қатынастарды қамтиды.

2. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай индустриальды-педагогикалық колледжі» КМҚК-да жұмыс істейтін адамдардың мінез-құлық стандарттары

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алу;

2) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау;

3) адал, әділ, қарапайым болуға, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау, сыпайылық пен әдептілік таныту;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;

5) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға себеп бермеуге, сын үшін кудалауға жол бермеуге, кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін сындарлы сынды пайдалану;

6) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбау;

7) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

8) заңда тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;

9) еңбек заңнамасының орындалуын, еңбек режимі мен жағдайларының сақталуын қамтамасыз ету.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде:

1) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру жөнінде тұрақты негізде шаралар қабылдау;

1) көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы толық және анық ақпаратты қолжетімді нысанда ұсыну;

2) көзделмеген құжаттарды талап етуге жол бермеуге, сол сияқты мемлекеттік қызметтер көрсету және өзге де рұқсат беру функциялары барысында кез келген әуре-сарсаңға (бюрократияға) жол бермеу;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеген кезде басшылыққа баяндау;

4) мемлекеттік қызметтер көрсету процесінің, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде үнемділік пен тиімділіктің тұрақты жетілдірілуін қамтамасыз ету.

9. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде:

1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты

оңтайлы және тиімді жұмсауға;

2) заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

3) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;

5) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу.

10. Өз шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде өз құзыретіне:

1) тікелей басшыға мүдделер қақтығысының туындағаны, қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке мүдделілігі, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына көндіру және сыйлықтар алу туралы баяндау;

2) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбау;

3) әріптестеріне, басшыларына және өзге де лауазымды адамдарға сыйлықтар бермеу және лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игілік не артықшылық алу үшін қызметтік емес қызметтер көрсету;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;

5) өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы, сондай-ақ материалдарды не әуре-сарсаңдарды жеделдетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу туралы басшылыққа баяндау;

6) орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәнданғаны туралы тікелей басшыға жазбаша нысанда хабарлауға міндетті;

7) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну;

8) кіріс алуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге жәрдем көрсетуден бас тарту.

11. Қызметкерлерді іріктеу және орналастыру бойынша кадр жұмысын ұйымдастыру кезінде:

1) тағайындауға арналған материалдарды қараудың белгіленген мерзімдерін сақтау;

2) колледжге жұмысқа қабылдау кезінде лауазымды адамдарға жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;

3) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;

4) жұмысқа кандидаттардан еңбек шартын жасасуға қатысы жоқ құжаттарды талап етпеу;

5) қызметкерлерге қатысты қызметтік тергеп-тексерулерді объективті және жан-жақты жүргізу.

12. Тіршілік саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастарда:

1) бағынысты лауазымды тұлғалардың міндеттері мен өкілеттіктерінің көлемін нақты және нақты айқындау;

2) бағыныстағы лауазымды адамдар арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;

3) олардың қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;

4) бағынысты қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамның қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік, дұрыс емес мінез-құлық фактілеріне жол бермеу;

5) анық орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу;

6) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайды пайдаланбау;

7) қарамағындағыларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;

8) әріптестердің өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу жөнінде уақтылы кешенді шаралар қабылдау;

9) мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге, автокөлік құралдарын қоса алғанда, мүлікті қызметтік мақсатта ұтымды, тиімді пайдалану.